



АУЫЛ

ЖАҢАЛЫҒЫ

Сельская новь



Газет 1940 жылдан шыға бастады

№ 93 (8356) Сәрсенбі 23 қыркүйек 2015 жыл

Байзақ аудандық газеті
Байзакская районная газета

АУДАН ӘКІМІ МҰРАТХАН ЖҮНІСӘЛІҰЛЫ ШҮКЕЕВТІҢ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫН ҚҰРБАН АЙТ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Ардақты ағайын!
Қымбатты аудан тұрғындары!

Баршаңызды мұсылмандардың ұлық мейрамы – Құрбан айтпен шын жүректен құттықтаймын.

Адамды имандылық пен ізгілікке тәрбиелейтін дәстүрлі дініміз – исламды бүгінде Қазақстан халқының басым көпшілігі ұстанады. Елбасымыздың салиқалы саясаты арқасында ауданымызды мекендеген мұсылман қауымы мен өзге дін өкілдері өзара бірлікте тіршілік етіп, тату-тәтті өмір сүріп келеді.

ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен Құрбан айт демалыс күні саналады. Сондықтан бұл күнді бүкіл еліміз ресми күн ретінде атап өтуде.

Егемен еліміз - негізінен ислам дінін қабылдағанымен, басқа да дін өкілдеріне үлкен түсіністікпен, құрметпен қарайтын көп ұлтты мемлекет. Осыған орай, дәстүр сабақтастығын одан әрі жалғастырып, мемлекетімізде ұлтаралық достық пен конфессияаралық келісімнің нығая түсуіне көпшілік болып атсалысуда.

Жүз отыздан астам ұлттар мен ұлыстар бір шаңырақтың астында берекелі ғұмыр кешіп жатқан еліміз үшін бұл күннің орны ерекше. Ата-баба дәстүрімен үндестігін тауып келе жатқан бұл күнді достық мерекесі деп құрметтейміз. Мұны Елбасымыздың жүргізіп отырған салиқалы саясатының, кең байтақ жеріміздегі діни конфессиялардың сыйластығы мен ынтымақтастығының айқын көрінісі деп бағалаймыз.

Құрбан айт Алла тағаланың құдіретіне сыйынып, ел тыныштығы мен халықтар бірлігін, отбасының амандығын сұрайтын, әрбір ісімізді таразылайтын, кемтарларды демеп, оларға қол ұшын беретін, әруақтарға құран бағыштап, имандылық пен қайырымдылық танытатын мейрам. Қасиетті айт күні тілеген тілектеріңіз қабыл болып, еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Ұлық мереке баршаңызға жақсылық, ырыс, молшылық әкелсін.

Құрбан айт мүбәрәк болсын!

ТӘРТІПKE БАС ИГЕН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ...

ЖҰМЫПА КӨТЕРГЕН ЖҮК ЖЕҢІЛ

ЖАЛПЫ АТЫ ҚЫЛМЫС ПЕН КҮРЕС, ОҒАН ЕЛ-ЖҰРТ БОЛЫП ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ, ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛАРҒА ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ТҰРҒЫНДАРҒА МӘЛІМЕТ БЕРУ, ТҮСІНДІРУ, ОЙ-ПІКІР АЛМАСУ МАҚСАТЫН КӨЗДЕГЕН АЛҚАЛЫ ЖИЫН ӨТКЕН ЖҰМА КҮНІ ҚОСТӨБЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ БОЛЫП ӨТТІ. КЕЗДЕСУДІ АУДАН ӘКІМІ М.ШҮКЕЕВ АШЫП, ЖҮРГІЗІП ОТЫРДЫ.

Жиынның күн тәртібі, көздеген мақсаты және қатысушыларымен таныстырған төраға алдымен сөз тізгінін аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы, полиция полковнигі А.Абдесовке ұсынды.

Өз кезегінде ауданның бас полицейі жиын қатысушыларын, салыстырмалы түрде, аудан аумағында, Қостөбе ауылдық округі бойынша қылмыстың жағдайы, оның кейбір түрлері бойынша өсу себептері, ашылу деңгейі сияқты статистикалық мәліметтермен таныстыра келе, аудан әкімдігімен бірлесе қолға алынған шаралар, олардың нәтижелері, сонымен қатар туындап отырған проблемалық мәселелерге жеке-жеке тоқталды.

Сондай көпшіліктің назарын аударған мәселенің бірі-бөтеннің мүлкін ұрлау, яғни мал, пәтер, ұялы телефон сияқты ұрлық түрлері. Аудандық ішкі істер бөлімінің қызметкерлері тарапынан елді мекендерде жүргізілген сараптама жұмыстары көрсеткендей, қылмыстың бұл түрінің өсуінің басты себебі – ауыл азаматтарының өз мүлкіне деген салғырт көзқарасынан туындайтын көрінеді.

Әрбір азамат өз мүлкінің сақталуын қамтамасыз етілуіне өз деңгейінде көңіл бөлсе, орын алған қылмыс туралы дер кезінде құзырлы органдарға хабар беріп отырса, бұл қылмыс түрін ауыздықтауға мүмкіндік туар еді деген уәж айтылды.

Сонымен бірге Ахатхан Төреханұлы жас ұрпақ тәрбиесіне қатысты мәселе көтеріп, көлік жүргізуде жол ережелерін бұзу фактілерінің жиілеп кеткендігі, мектептерге бекітілген полиция қызметкерлерінің міндеті туралы сөз қозғап, ата-аналар және ұстаздармен ой-пікір бөлісумен қатар,



бірлесе қылмыспен күресуге шақырды.

Аудандық ішкі істер бөлімінің басшысына сұрағын қойған ауыл тұрғыны, ардагер-ұстаз М.Тлеуғалиева ауыл тұрғындарын қатты мазалап жүрген жол қауіпсіздігіне қатысты мәселе көтерді. Атап айтқанда, ауылдың бел ортасын кесіп өтетін Тараз-Сарыкемер бағытындағы күре жолда тәулік бойы көлік қозғалысының толастамайтынын алға тартып, мектеп оқушыларының қауіпсіздігі өте күрделі мәселеге айналып отырғанын жеткізіп, тездетіп шара қолдануын сұранды. Мәселенің шын мәнінде де маңызды екендігін, бұндай келеңсіз көріністердің аудан орталығындағы бірқатар көшелерде де орын алып отырғанын, оларды (жол белгілері, жасанды кедергілер) қалпына келтіру туралы тиісті сала қызметкерлеріне тапсырма берілгенін жеткізген аудан басшысы өз орынбасары Ә.Қилыбаев, ауыл әкімі Т.Есенқұлов, тағы басқа сала басшыларына мәселенің тез арада шешілуін қамтамасыз ету туралы тапсырма берді.

Ауыл тұрғындарымен өткен кездесудің екінші бөлігінде бүгінгі қоғамымыз үшін өте

маңызы зор мәселе – биыл қабылданған сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясына арналды.

Кездесуге облыстық ведомствоаралық ақпараттық-насихаттау тобы құрамындағы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл Агенттігінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің



бөлім басшысы Н.Еркебаев, облыстық прокуратураның бірінші басқармасының аға прокуроры Р.Заурбеков, облыстық ішкі істер департаментінің Өзіндік қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Д.Сапиевтер арнайы келіпті.

Күн тәртібіндегі мәселеге қатысты сөзге шыққан Н.Еркебаев мұнда келгендегі негізгі мақсатқа тоқтала келе, аталмыш заң ТМД мемлекеттері ішінде бірінші болып Қазақстанда қабылданғанын, оған бүгінгі таңда енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, олардан туындайтын жаңа талаптар, қоғамда, яғни, халық арасында қылмысқа қарсы мінез-құлық қалыптастыру, азаматтардың жауапкершілігі, жариялылық мәселелері, қоғамдық тәртіпті сақтау, жеке азаматтардың құқықтарымен қатар азаматтық міндеттері, жалпы стратегияда көрсетілген бағыт-бағдарлардың көздеген түпкі мақсаты туралы жан-жақты әңгіме қозғады.

Кездесу барысында қызу талқылауға түскен екі мәселенің де өзектілігін атап өткен Мұратхан Жүнісәліұлы жиынды қорытындылай келе, қолданыстағы заңдарға енгізілген заң талаптарының заман талабына сай қабылданғандығы, қоғам өмірінде кездесетін кез келген қылмыстық әрекеттерге ел-жұрт болып күрескенде

ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізуге болатындығын ескерген аудан басшысы ауыл тұрғындарын үнемі бірлікте ел болашағы үшін еңбек етуге және ынтымақта болуға шақырды.

Өз тілшіміз.

Яғни, өздерін таныстырып, шығармашылық өнерлерін дәріптеп (бөлініп берілген ұлттың әнін айтып, бийн билеу, өлең оқу), әрі қазақ хандығының 550 жылдығына арнап әр ұлт қазақ тарихы мен салт-дәстүрлерінен қойылым көрсетті. Аспаздық шеберліктерін байқатты.

Күзгі абаттандыру, көгалдандыру, көгеріштендіру және санитарлық тазалық екі айлығы іс жүзінде

СЕНБІЛІК ҚАРҚЫНДЫ ӨТУДЕ

Үстіміздегі жылдың I қыркүйегінен басталған күзгі санитарлық тазалықтың екі айлығы аясында аудан аумағында біраз шаруалар атқарылды. Қазақ хандығының құрылғанына 550 жыл толуына орай ауданымызға бекітіліп берілген Тараз қаласындағы



қураған ағаштар кесіліп, шығарылды.

Ал аудан аумағындағы мекемелер аптаның жұма, сенбі күндері сенбілікке біріксідей ұйымшылдықпен қатысуда. Жұма күндері әрбір мекеме өз аумағында тазалық жұмыстарын жүргізсе, жеке кәсіпкерлер мен дүкен иелері де өз аумақтарын қоқыстан тазартуға белсене кірісіп кеткен. Екі айлық аясында елді мекендерді тазалау, қоқыс шығару, көркейту, көгалдандыру жұмыстарымен қатар санитарлық тазалықты бұзған тұрғындар немесе мекемелерге әкімшілік айыппұл салынатындығы ескертілген.

Апта сайын өтіп жатқан сенбілік аясында ауданымызда 4430 дана тал-дарактар егу, гүлзарлар отырғызу, көгалдандыру шаралары қолға алынған. Қазіргі таңға дейін 36 шақырым арық пен каналдар, 150 шақырым көшелер, 942 шақырым саябақтар, скверлер тазаланды. 92 тонна кездейсоқ күл-қоқыс орындары жойылды.

Өз тілшіміз.



ӨНЕГЕЛІ ОТБАСЫЛАР АРДАҚТАЛДЫ

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ, ШАҢЫРАҚТЫҢ ҮЙЛЕСІМДІ ДАМУЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ІРГЕТАСЫНЫҢ БЕРІК БОЛУЫНА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ. МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Н. НАЗАРБАЕВТЫҢ ӘР ЖЫЛДА ХАЛЫҚҚА АРНАЙТЫН ЖОЛДАУЫНДА ДА ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУ, БАЛА ТӘРБИЕСІ МӘСЕЛЕСІН ДӘРІПТЕУ, АТА-АНАЛАРДЫҢ БАЛАЛАРЫН ШЫНАЙЫ ҚАМҚОРЛЫҚҚА АЛУ МӘСЕЛЕСІ КҮНТӨРТІБІНЕН ТҮСКЕН ЕМЕС.



мәтел айтып қана қоймай, әрбір мақалдың мәнін ашуға тырысты. Ситуациялық сұрақтарға дұрыс жауап беріп, “Жеміс ағашы” атты айдарымен қорытындыланған шарада ұлағатты жанұя, адам құндылықтарын сақтап, мәдениетті, тарихты жалғастырушы, тұрақтылық пен дамуды ұстап тұратын отбасы екендігін сезіне білді.

“Салауатты өлке “Жаннұр” қоғамдық қоры президентінің жетекшісі З. Арынбайқызы өз сөзінде қоғамдағы имандылық адамгершілік сияқты құндылықтарды дәріптей отырып, отбасылық құндылықтарды қадірлеу, әр отбасының жауапкершілік жүгін сезіне білуімен қатар көп балалы болуды халық санасына сіңіру мемлекет міндеттерінің бірі болып табылатындығын сөз ете келе, өнегелі жанұялар: Ибрагимовтар, Үмбеталиевтер, Көпбосыновтар және Көбеевтердің отбасына арнайы әкелген сый-сияпатын табыстады.

Құрмет көрген отбасылар атынан сөз алған Ибрагимова отбасындағы тәрбие, әке мен ананы қадірлеу, сапалы да саналы ұрпақ өсірудің төңірегіндегі ойымен бөлісіп, тағылымы мол шараны ұйымдастырып, өткізген азаматтарға алғысын айтты.

Отбасының жарасымдылығын ұлықтаған шараның өнбойы әсем әнмен өрнектеліп отырды.

Өз тілшіміз.

құттықтап, жарысқа қатысушы жанұяларға сәттілік тіледі. Бұдан соң сөз алған “Салауатты өлке “Жаннұр” қоғамдық қоры президентінің жетекшісі З. Арынбайқызы отбасының қазіргі қоғамдағы алар рөлі, мемлекетіміздің ұстанған саяси бағдарында отбасы және ана мен бала мәселесі жоғары дәрежелі құндылық ретінде қарастырылып отырғанын өңімеледі.

“Отбасы-өмір тірегі” тақырыбында психолог С. Әзбергенова баяндама жасаса, психолог Р. Әбиева ата-аналармен “Отбасы-өміраясы” атты тренинг өткізді. “Әкешім-валыс үйретші” атты фильмді тамашалаған қатысушылар отбасында әкенің алатын орны туралы ойтолғауларымен бөлісті. “Ана сезімі” жаттығуының соны “Жалғасын тап” ойынына ұласты. Ойын барысында ата-аналар отбасына қатысты мақал-

АЙТЫЛМАСА СӨЗ ЖЕТІМ...

ДЕРЕКТЕР ҚАТЕЛІКТІ КЕШІРМЕЙДІ

Кенесбек Нұридинұлы, еңбек ардагері. Мәдімар ауылы.

“Ана тілі” газетінің 2014 жылғы №5 санында “Ұлы дала атаулары” айдарымен «Жамбыл облыстық топонимикалық атауларының анықтамалығы бойынша» өлкетанушы Мадияр Серікбайұлының Байзақ ауданына қарасты елді мекендерінің атаулары жөнінде мақаласы жарық көрген болатын. Онда көрсетілген елді мекендер атауларының аталу тарихы мен мерзімдері туралы жазылған деректерге қатысты сол ауылдың байырғы тұрғыны ретінде пікірімді ортаға салмақшымын.

Мәселен, «Мәдімар» ауылы (бұрын «Теспе» болып аталған) - Талас өзені бойында (елге танымал сауабы мол болыстың есімі) Ынтымақ ауылдық әкімшілік округінің орталығы. Аудан орталығы-Сарыкемер ауылынан солтүстікке қарай 25 шақырым жерде орналасқан. 1997 жылға дейін “Ынтымақ” ауылы аталып келді. Ауылдың жанында “Ынтымақ” бөгеті бар. Осы бөгетке байланысты ауыл да солай аталған. 1950-1997 жылдары жүгері тұқымын өсіретін Октябрьдің 40 жылдығы атындағы ұжымшардың орталығы болып келді. Еліміз егемендік алғаннан кейін облыс әкімі мен облыстық мәслихаттың 27.01.1996 ж. IX сессия отырысындағы бірлескен шешімімен аталмыш ауыл “Мәдімар” ауылы болып аталды деп жазған автордың (асты қарамен сызылған сөйлемдер) пікіріне қосылмаймын.

Біріншіден, Мәдімар ауылының негізі-1929 жылы №34, 35, 36, 37, 38-ші ауылды колхоздастыру кезеңінде біріктіріліп, Мәдімар болыстың жоңышқалығының орнындағы “Ынтымақ” колхозы әріне Ынтымақ ауылы болып аталған. Бұл елді мекен Талас өзенінің батыс жағындағы 20-25 шақырым жердегі бастауы Жетібайдан басталатын Көшеней өзеншесінің батыс жағында жатыр. (Талас өзені бойында емес).

Екіншіден, «Теспе», «Қызыл Октябрь» колхоздары, яғни ауылдары басқа болысқа қараған.

Үшіншіден, ауыл іргесіндегі Өтеулі-Қанқожа ағамыздың көтерме су бөгетінің орнына 1941 жылы бір атаның емес бүкіл колхоздың егіндігін суару мақсатында құрылысын жүргізуші татар жігіті Гатаулин-басшылығымен-«Инженерлік құрылыс»- Ынтымақ бөгеті тұрғызылған.

Төртіншіден, яғни ауыл бөгетке емес,

бөгет ауылға байланысты «Ынтымақ»-деп аталған.

Бесіншіден, Біздің колхоз ешуақытта тұқымдық жүгері өсірген емес. Автор Талдықорған облысындағы Панфилов ауданы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозымен шатастырып отырған секілді.

Алтыншыдан, Жетібай-өмірде болған кісінің есімі, руы Бөстекер. Баймолданың Өтесінен- Абылдан тарайды. Жетібай жері ол кісінің ата қонысы болған. Мұны Аққия ауылының имамы Тұрар, мәдімардан Кешубай, Төленаксақаллар т.б. қарашектенділерді бұл жаққа қоныстандырушы Мәдімар болыс деп біледі ел. Бұл жағдай ол кісінің еркінен тыс жоғарғы жақтың ықпалы деп білген біраз ел содан әлгі Жетібай болысқа өкпелеп Мойынқұм жаққа көшіп кетіпті.

Жетіншіден, Жетібай ауылының іргесі өзінен басқа ресми түрде 1930 жылы қаланған. Колхоздастыру кезеңінде елді бір орталыққа басқару мақсатында бұл жерде жұмысшылар поселкесі ірге көтереді. Ол жерде мақта, астық, мал өнімдері-тері, жүн, ет, май, сүйек, жұмыртқа қабылдау пунктері ашылып, МТС мекемесі оның қасында политика бөлады. Почта, мектеп, тұтыну қоғамы переселендерді тіркеу бөлімдері, маслпром мекемелері пайда болып Жалғызтөбе ауылдық атқару комитеті өмірге келеді. Оның қасында алым-салық (финагент) бөлімі болды. Жетібайдың қыстауының алдында бұрылдың тасымен шегендеген құдығы болды, ол мұндаға дейін тұрды. Орыстар, өзге ұлт өкілдері де тұрды.

Сегізіншіден, 1958-59 жылдары МТС тараған соң, Еңбек (Сенкібай), Аққия ауылдары, орталығы Жетібай болып Фрунзе атындағы колхоз құрылды.

Мұның бәрін жіліктеп жазып отырған себебім, әрбір азамат өзінің туған, өскен жерінің, тұрғылықты атамекенінің тарихын білуі және оны жас, болашақ ұрпақтарымыздың санасына сіңіру қажет деп білемін. Кең байтақ еліміздің барлық өңірлеріндегі елді мекендерге қатысты осы бағыттағы мақалалар “Ана тілі” газетінің беттерінде үнемі жарық көріп келеді. Сондықтан айтарлық өлкетану қызметкері жазған мақаласын терең сүзгіден өткізіп, деректерді зерттеп барып қолдана нұр үстіне нұр болар еді. Әрбір жіберілген қателіктер өсіп келе жатқан кейінгі жастарға кері әсер етуі ықтимал. Автордың жазған мақаласында мен келтірген деректер мүлде жоқ. Сондықтан егемен еліміздің кез келген өңірі туралы жазылған мақала өте сергек қарайық дегім келеді.

Тіл- ұлт жаны

Г. Баймаханова, аудандық қазынашылық басқармасының бас маман-бас қазынашы.

Ана тіліміздің мемлекеттік мәртебе алғанына биыл 26 жыл толып отыр. Осы жылдар ішінде қазақ тілінің мәртебесі биіктеп, қолданыс аясы кеңі түскені шындық. Ұлттың тынысы, санасы ұлттық тілмен ғана баянды болатындығын уақыттың өзі дәлелдеді. Қазақстанның мемлекеттік тілі-қазақ тілі. Ол Ата заңмен бекітілген. Елбасының «Қазақстан-2050 стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында: Біз алдағы уақытта да мемлекеттік тілді дамыту жөнінде кешенді шараларды жүзеге асыруды табандылықпен жалғастыра береміз. Мемлекеттік тіл барлық мектептерде оқытылады. Бұл егер бала биыл мектепке барса, енді он-он екі жылдан соң жалпай қазақша білетін қазақстандықтардың жаңа ұрпағы қалыптасады деген сөз. Қазақстанның болашағы-қазақ тілінде» деген болатын.

Шындығында да бүгінгі таңда тіліміз өркен жайып келеді. Мемлекеттік тілді дәріптеген шаралар көптеп өтуде. Киелі жерімізді мекендеген сан ұлт өкілдері де қазақ тілін меңгеруде алдарына жан салмауда. Қазіргі таңда үш тілге ден қойылуда. Ана тілімен қатар, орыс, ағылшын тілдерін жетік білу- замана талабы десекте те, жаһандану дәуірінде тіліміздің мәртебесін биіктеу- баршамызға сын. Сондықтан мемлекеттік тілдің қажеттілігін ұғындыру, тілге қырын қарағандарды шара қолдану, өсіп келе жатқан ұрпақтың бойында ана тіліне деген құрметті қалыптастыру бағытында жұмыстарды күн тәртібінен түсірмеген жөн деп санаймыз.

АНА ТІЛІМ – АСЫЛ ҚАЗЫНАМ

«Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелер туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 20 қаңтардағы №3827 Жарлығымен бекітілген тізбеге сәйкес, қыркүйек айының үшінші жексенбісі «Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күні» болып бекітілген белгілі.

Осыған байланысты, аудандық балалар мен жасөспірімдер орталығында мәдени іс-шара бөлімінің меңгерушісі Нұрғали Нұрбаевтың ұйытқы болуымен «Ана тілім – асыл қазынам» атты іс-шара өткізілді. Шараға қатысушылар бес аталым бойынша сынға түсті. Атап айтқанда, «Менің Отаным – Қазақстан» бөлімінде ұлттық ойындардан сайыс өткізілсе, «Тілім – менің байлығым » көркем сөз оқу шеберлерінің байқауында мақал айтып, жұмбақ жарыстырды. «Super star» аталымында викториналық ойындар ойнап, білімдерін жарыстырған өнерлі өрендер «Біз – бір шаңырақ баласымыз» бөлімінде сурет салып, «Шешендер әлеміне саяхат» бөлімінде шағын көріністер көрсетіп, көпшіліктің ыстық ықыластарына бөленді. Шара қорытындысында «Көркем оқу» үйірмесі (Ш. Уәлиханов орта мектебі) бірінші орыннан көрінді. Жұлделі екінші және үшінші орындарды «Қол өнер» үйірмесі (Кенес орта мектебі), «Алтын оймақ» үйірмесі (Үлгілі орта мектебі), «Бұлбұл үн» үйірмесі (Балалар мен жасөспірімдер орталығы), «Сөз зергері», «Қол өнері», «Бейнелеу өнері» үйірмелері (Балалар мен жасөспірімдер орталығы), «Көркем оқу» үйірмесі (Кенес және Түймекент орта мектебі) өзара бөлісті. Жемісінді аудан іс-шара ұйымдастырушылары тарапынан марапаттарға ие болса, көркем сөз оқу шеберлері жекелей марапатталды.

Өз тілшіміз.

Сыбайлас жемқорлық қауіпін

М. Дондаев, Байзақ ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы.

Сыбайлас жемқорлық-экономикалық заңдардың еркін әрекетін біршама деңгейде шектейді және еліміздің әлемдік қоғамдастық алдындағы беделін төмендетеді, еліміз үшін пайдалы шетелдік инвестициялардың жолындағы басты кедергілердің бірі болып табылады. Сондықтан Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі» деп көрсетті.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ, соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүлктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы «сыбайлас жемқорлық» деп ұғынылады.

Парақорлық-дерт. Қоғамға жағымсыз дертпен күрес маңызды болғандықтан онымен көпшілік болып бірігіп күрескенде ғана нәтижеге жетуге болады. Олай болса, қоғам дертін бірлесіп отырып ауыздықтайық.

Балаларды туберкулезден қорғайық

М.Әбдірешова, Байзақ аудандық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасының жетекші маманы.

Туберкулез – қауіпті және жұқпалы дерт. Туберкулездің негізгі жұғатын көзі – туберкулездің ашық түрімен ауыратын науқас, туберкулезбен ауыратын жануарлар.

Туберкулез ауруын дұрыс және уақытымен емдесе толығымен емделеді.

Туберкулез - жұқпалы дерт. Сол себепті оны емдеуден, алдын-алу жеңілдеу. БЦЖ вакцинасымен сәби шағында имунизациялау ауру-сырқаушылықты 15 есе төмендетеді және көптеген ағзалар мен жүйелерді зақымдайтын туберкулездің ауыр түрлері дамуының алдын алады.

Бұл сәби өміріндегі алғашқы егу болып табылады. Сәбидің имундық жүйесі вакцинаға туылған сәтінен бастап дайын. Вакциналау тек перзентхана жағдайында сәби туылғаннан кейін 1-4 тәуліктерде жүргіледі. БЦЖ егуден кейінгі пайда болған имунитет, орта есеппен 5 жыл сақталады. Сондықтан туберкулез ауруына қарсы қайталап вакцинациялау: 2015 жылдың қыркүйек айында ұйымдастырылған түрде аудандағы мектептерде жаңа оқу жылының I сыныптағы дені сау, жұқпалы аурулармен індеттелмеген және манти сынамасы теріс болған оқушыларға салынууда.

Ескертетін жағдай, бұл жас мөлшеріндегі балалар туберкулез жұқтыруға аса бейім болады. Сол себепті дер кезінде вакцинациялау балаларды туберкулезден қорғайды.

